

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК

*«Қоян мен түлкі» тақырыбындағы
ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті*

*Тобы: «Ғажайыптар әлемі» ортаңғы
Тәрбиеші: Смағұлова Н.Н*

Коммуникативтік дағдыларды дамыту ашық іс-әрекеті

Тақырыбы: «Қоян мен түлкі» ертегісі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Көркем әдебиет

Тобы: «Ғажайыптар әлемі» ортаңғы

Өткізілу күні: 23.11.2023ж

Тәрбиеші: Смағұлова Назымгүл Нағашыбайқызы

Интеграция: Физикалық қасиеттерді дамыту, Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Міндеттері: Ертегі мазмұнын түсінеді, ертегі кейіпкерлеріне қарапайым сипаттама бере алады, суретке қарап ертегі мазмұнын айтып бере алады. Жабайы жануарларды таниды, олардың төлдері туралы білімдері кеңейеді. Көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастырып жапсырады. Тұрған орнында қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арқылы бірлескен қимылды ойындарға қатысады.

ҰІӨ басы

Келген қонақтармен сәлемдесу, балалардың көңіл-күйін сұрау.



«Білезік» ойыны

Міндеті: Жабайы аңдардың суреті бар білезіктер ұсынылады. Балалар өздері тандаған білезіктегі суреттің екінші жартысын достарынан іздеп тауып біріктіріп қандай аң екенін атайды. Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді.



ҰІӨ негізгі кезеңі

«Түлкі мен қоян» ертегісі

Міндеті: Жабайы аңдар кездесетін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысады. Ертегі мазмұнын түсінеді, ертегі кейіпкерлеріне қарапайым сипаттама бере алады, суретке қарап ертегі мазмұнын айтып бере алады.

(Көркем әдебиет)



«Қу түлкі» дәстүрден тыс әдіс арқылы жапсыру

Міндеті: Көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын заттарды (жапырақ, тәрелке, қағаздар) белгілі реттілікпен орналастырып қу түлкіні жапсырады.

(Жапсыру)



«Қоянға көмек» қимылды ойын

Міндеті: Тұрған орнында қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арқылы қоянға сәбіз жинауға көмектеседі. Ойынға деген қызығушылықтары артады. Жылдамдыққа, ептілікке үйренеді.

(Дене шынықтыру)



ҮІӘ қорытынды кезеңі

«Аңдарды азығына жеткіз» ойыны

Міндеті: Жабайы аңдардың ізімен секіру арқылы аңдарға төлін тауып, азықтарын орналастырады. Жабайы аңдарға қамқорлық танытады.

(Қоршаған ортамен

таныстыру)



Мадақтау, мадақтау.

Бір- бірін бағалау.

Тәтті кәмпиттер таратылады.